


Сонымен қатар, оксосинтез гомогенді катализдік үдеріс болып табылады. Ол кобальттің комплексті қосылыстарының – дикобальтоктакарбонил және кобальттің гидрокарбонилі – қатысында жүреді:



Бұл комплекстер тұрақсыз: дикобальтоктакарбонил 50<sup>0</sup>С-ден жоғары температурада, ал гидрокарбонил 0<sup>0</sup>С-ден төмен температурада ыдырайды. Олар көміртек оксидінің жоғары үлестік қысымында ғана тұрақты болады. Шын катализатор кобальт гидрокарбонилі деп есептелінеді, өйткені ол қышқылдық қасиет көрсетеді және олефиндерге беретін электрондардың акцепторы болып табылады. Олефиндермен әрекеттескенде алкилметаллкарбонил түзіледі:



Одан соң алкилметаллкарбонилге СО қосылады да, ацилметаллкарбонилге түрленеді:

